АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

12.02.2026

Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 49

город Ушарал

Үшарал қалалық округінің арық желісін күтіп ұстау жұмыстары бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қалалық округінің арық желісін күтіп ұстау жұмыстары бойынша 16-баптың 3-тармағының 28) -тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001883

Қарсы емес!

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба арқылы Үшарал қалалық округінің арық желісін күтіп ұстау жұмыстарының қажеттілігі туралы хабарлаймын.

Аталған жұмыстарды сапалы және уақтылы орындау мақсатында, сондай-ақ жұмыс көлемі мен техникалық ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес Үшарал қалалық округінің арық желісін күтіп ұстау жұмыстары бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**